

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Кафедра педиатрия-2

«Балалар аурулары» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы

044/68 -33

16 беттің 1беті

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»

акционерлік қоғамы жанындағы медицина колледжі



«БЕКІТЕМІН»

медицина колледжінің директоры

Кушкарлова А. М.

«07» 07 2020 ж

**ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Пәні: Балалар аурулары

Мамандығы: 0301000-«Емдеу ісі»


Біліктілігі: 0301013-«Фельдшер»

Курс: IV

Семестр: VII-VIII


Сағат саны: 130 сағат

Шымкент 2020 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра педиатрия-2		044/68 -33
«Балалар аурулары» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы		16 беттің беті


Жұмыс оқу бағдарламасы ҚР ЖМББС мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД министрлігінің 29.07.2016 ж. №661 бұйрығына сәйкес және 2010 жылғы 5 тамыздағы № 604 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалынды.

Кафедра мәжілісінде қаралды
 № 11 хаттама «13» 06 2020 ж

Кафедра меңгерушісі, профессор:  Бектенова Г. Е.

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің әдістемелік кеңес мәжілісінде бекітілді
 № 14 хаттама «02» 04 2020 ж.

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Мамбеталиева Г.О.

Дайындаған оқытушы: Умарова А. Н. 

1 Түсіндірме жазба

0301000 - «Емдеу ісі» мамандығы 0301013 - «Фельдшер», 0301023 - «педиатр» біліктіліктері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (бұдан әрі - МЖМБС) енгізуге байланысты «Балалар аурулары» пәнінен жаңа үлгілік оқу бағдарламасы құрастырылды. Үлгілік оқу бағдарламасы келесі біліктіліктер бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға арналған: 0301013 - «Фельдшер» біліктілігі: 9 сыныптан кейін 4, 11 сыныптан кейін – 4 курстарда жүргізіледі. Осы пән бойынша барлық сағат көлемі – 130 сағат.

Денсаулық сақтау аумағындағы қазіргі заманға сай ғылыми жетістіктерді ескере отырып, халыққа, жүкті әйелдерге, толғатып жатқан, босанған әйелдерге, акушерия мен гинекология бөлімшесіндегі гинекологиялық наукастарға дәрігерге дейінгі, емдеу-профилактикалық сапалы көмек көрсетуді жүзеге асыру және сонымен қатар жаңа инновациялық технологияларды енгізуге байланысты «Балалар аурулар» пәнін білім алушыларға оқытуда Балалар ағзалардың негізгі ауруларын диагностикалау, талқыланатын нозологиялық формаларға саралау диагностикасын жүргізу, наукастарды тексеру жоспарын құру, тексерудің нәтижесін түсіндіре білу мәселелері қарастырылған. Өртүрлі танымдық әрекеттерді қолдана отырып, клиникалық диагноз қою және оны дәлелдеу, емдеу принциптерін таңдау, сараланған күтім жасау мен аурулардың алдын-алуды жүзеге асыру бойынша білім алушылардың білім деңгейін қалыптастыру.

Кәсіптік практика МЖМБС-на сәйкес жоспарланады және келесі түрлерден тұрады:

- өндірістік оқыту білім алушыларды жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша тереңдетіп оқытуға бағытталған;
- кәсіптік практика білім алушылардың таңдаған кәсібі бойынша практикалық кәсіптік іскерліктермен және машықтармен дағдылануына бағытталған.

Сабақ оқу кабинеттерінде, клиникаға дейінгі кабинеттерде, перзентханаларда, емдеу-профилактикалық мекемелерде өткізіледі. «Балалар аурулар» пәні келесі тараулардан тұрады:

- 1 тарау Неонатология
- 2 тарау Ерте жастағы баланың аурулары
- 3 Балалардағы жоғарғы тыныс жолдарының аурулары
- 4 тарау Дәнекер тіннің диффузды аурулары
- 5 тарау Балалардағы жүрек аурулары
- 6 тарау Асқазан-ішек жолдарының аурулары;
- 7 тарау Бүйрек және зәр шығару жолдарының аурулары;
- 8 тарау Эндокринді жүйенің аурулары;
- 9 тарау Қан түзу жүйесінің аурулары;

Бағдарлама келесі клиникалық пәндермен интеграцияны қарастырады: «Анатомия», «Физиология», «Патологиялық анатомия», «Патологиялық физиология», «Фармакология», «Мейірбике ісі негіздері», «Балалар аурулары пропедевтикасы». МЖМБС бойынша оқу үдерісіне базалық, кәсіптік және арнайы құзырлықты қалыптастыруға арналған модульдік оқытудың құрылымы енгізілген.

Сабақты өткізу формалары:


- сабақтар оқу орнының сабақ кестесі бойынша жүргізіледі (теориялық, практикалық және жеке);
- сабақ барысында көрнекі оқу құралдары, ТЖО (оқулық фильмдер, кино және видеофильмдер, слайдтар, кестелер, сызбанұсқалар, CD дискілер) кеңінен қолданылу ұсынылады.

МЖМБС бойынша базалық, кәсіби және арнайы құзырлықты қалыптастыруға арналған модульдік оқытудың құрылымы енгізілген.



2 Пәнді оқытудың жоспарланған нәтижелері

Білім бағдарламасында және стандартта жоспарланған оқыту нәтижелері	Оқу жұмыс бағдарламасында жоспарланған нәтижелер
<p>Білім алушылар келесі құзіреттерді меңгеруі тиіс</p> <p>Базалық:</p> <p>БҚ 1-рецепт жазуда, грек-латын терминдерінің мағынасын түсіндіруде, дәрілік заттардың фармакодинамикасын және фармакокинетикасының жалпы заңдылықтарын білуде;</p> <p>БҚ 2-тіршіліктің шығуын, дамуын, тін жасушаларының құрылымы мен қызметін, қалыпты және патологиялық жағдайлардағы ағзалар мен жүйелердің қызметін білуде;</p> <p>БҚ 3. «Медициналық қызметкер»- «пациент» өзара қарым-қатынасын құрудың негізгі модельдері туралы білімді меңгеру.</p> <p>БҚ 4. Науқасты емдеу негіздерін білу.</p> <p>БҚ 5. Аурудың алдын алуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған гигиеналық іс-шараларды білу.</p> <p>БҚ 6. Инфекциялық бақылау жүйесі мен құрылымдық бөлімшелердегі пациенттер мен медицина қызметкерлерінің инфекциялық қауіпсіздігін білу.</p> <p>БҚ 7. Алғашқы медициналық көмекті орындау алгоритмін, медициналық ем-шаралар мен күтім әдістерін меңгеру.</p> <p>Кәсіби:</p> <p>КҚ 1. Клиникалық белгілерді анықтай алу, фельдшерлік диагноз қоя алу, жас шамасы әртүрлі топтағы науқастарға мотивациялық күтім жүргізе алу</p> <p>КҚ 2. Балаларға білікті медициналық көмек көрсету.</p> <p>КҚ 3. Дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек көрсету.</p> <p>КҚ 4. Салауатты өмір салтына насихат жүргізе білу, дене шынықтыруды жетілдіру шеберліктері мен дағдыларын меңгеру, денсаулық деңгейіне баға беру, денсаулықты жақсарту бағдарламасын құру, зиянды әдеттермен күрес және алдын алу бойынша іс-шаралар жүргізе алу.</p>	<p>Біледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасында педиатриялық қызметті ұйымдастырудың негізгі принциптерін; - балалардың дене мүшелері мен жүйелерінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін; - сау және науқас балаларды қоректендіру негіздері; - бала жасындағы науқастардың алдын алу мен емдеу принциптерін, этиологиясын, негізгі клиникалық белгілерін; - Ерте жастағы балалар ауруларын интеграциялап сүйемелдеу бағдарламасы бойынша науқастармен жұмыс істеу принциптері; - иммунопрофилактиканың негізгі принциптері. <p>Жасай біледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жас шамасы әртүрлі кезеңдердегі балалардың дене бітімі және жүйке-психикалық даму деңгейін бағалау; - босануға дейінгі патронажды, жаңа туылған баланың алғашқы патронажын, балалардың ерте жастағы патронажын жүргізу; - науқас балаларға емдеу-қорғау тәртібін ұйымдастыру; - баланы зертханалық, функционалды, құрал-сайманды зерттеу әдістеріне дайындауды, бактериологиялық зерттеу үшін жиналған материалды алу, жеткізу, сақтауды жасай алу; - Ерте жастағы балалар ауруларын интеграциялап сүйемелдеу бойынша ДДҰ бағдарламасын жүзеге асыру; - жас шамасы әртүрлі категориядағы сау және науқас балаларға негізгі күтім жүргізе алу; - балаларға шұғыл жағдай кезінде дәрігерге дейінгі көмек көрсету; - балалардың алдын ала егу картасын ресімдеу;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра педиатрия-2		044/68 -33
«Балалар аурулары» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы		16 беттің 1беті

<p>КҚ 5. Медициналық көмек көрсету сапасының халықаралық стандарттары облысында құзіретті болу.</p> <p>Арнайы:</p> <p>АҚ 1. Маманның кәсіби қызметінің жағдайы мен тәртібін, негізгі міндеттері, қызметтерін анықтайтын нормативті құжаттарды білу.</p> <p>АҚ 2. Ауруханалық мекемелерде дәрігер тағайындаған алдын алу, емдік, диагностикалық іс-шараларды орындау, күрделі ем-шараларды орындау кезінде дәрігерге ассистент болу және құрал-саймандарды дайындау.</p> <p>АҚ 3. Науқасты зертханалық, функционалды, құрал-сайманды зерттеу әдістеріне дайындауды, бактериологиялық зерттеу үшін жиналған материалды алу, жеткізу, сақтауды жасай алу;</p> <p>АҚ 4. Ерте жастағы балалар ауруларын интеграциялап сүйемелдеу бойынша ДДҰ бағдарламасын жүзеге асыру, балаларды алдын ала егу картасын ресімдеу, емшек жасындағы баланың күтімі бойынша ұсыныстар бере алу;</p> <p>АҚ 5. Өз кәсіби құзіреті, құқығы шеңберіне және дәрігердің тағайындауына сәйкес реанимациялық, реабилитациялық, емдеу-сауықтыру, санитарлық-гигиеналық, санитарлық-ағарту іс-шараларын орындай білу.</p>	<p>- жұқпа ошағында эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу. Маманның кәсіби қызметінің жағдайы мен тәртібін, негізгі міндеттері, қызметтерін анықтайтын нормативті құжаттарды білу.</p> <p>Ауруханалық мекемелерде дәрігер тағайындаған емдік, диагностикалық іс-шараларды орындау, күрделі ем-шараларды орындау кезінде дәрігерге ассистент болу және құрал-саймандарды дайындау.</p> <p>Науқасты зертханалық, функционалды, құрал-сайманды зерттеу әдістеріне дайындауды, бактериологиялық зерттеу үшін жиналған материалды алу, жеткізу, сақтауды жасай алу;</p> <p>Ерте жастағы балалар ауруларын интеграциялап сүйемелдеу бойынша ДДҰ бағдарламасын жүзеге асыру, балаларды алдын ала егу картасын ресімдеу, емшек жасындағы баланың күтімі бойынша ұсыныстар бере алу;</p> <p>кәсіби құзіреті, құқығы шеңберіне және дәрігердің тағайындауына сәйкес реанимациялық, реабилитациялық, емдеу-сауықтыру, санитарлық-гигиеналық, санитарлық-ағарту іс-шараларын орындай білу.</p>
--	--

3. Пәннің оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұны

3.1. Пәннің тақырыптық жоспары

	тақырыптардың аталуы	Сағат саны	Оның ішінде	
			Теориялық сабақ	Тәжірибелік сабақ
	VII-семестр	90	18	72
	Жетіліп және шала туылған нәресте. Күтім ерекшеліктері.	7	2	5
	Іріңді-септикалық аурулар. Жаңа туылған нәрестенің ОНЖ зақымдануы.	7	2	5
	Тамақтану мен асқорытудың созылмалы бұзылыстары (гипотрофия, паратрофия, гипостатура).	7	2	5

	Ерте жастағы балалардағы асқорытудың жедел бұзылыстары Диареялар. БАБЖ бағдарламасы бойынша .Ішек инфекциялары.	7	2	5
	Рахит (мешел). Спазмофилия.	7	2	5
	Тапшылықты анемиялар. Витамин-ақуыз тапшылықты анемиялар.	7	2	5
	Жіті ринит, баспа, жіті стенозды ларингит, бронхит, бронхиолиттер. Жіті пневмония.	7	2	5
	Балалардағы өкпе туберкулезі.БЦЖиттар,Манту сынаамасы	7	2	5
	Бронх демікпесі. Муковисцидоз. Целиакия	7	2	5
0	Ревматологиялық қызба. Балалардағы миокардиттер. Жүректің туа біткен ақаулары.	7		5
1	Жүйелі қызылжегі. Ревматоидты артрит,	7		5
2	Дерматомиозит, жүйелі склеродермия.	7		5
3	Гемофилия, тромбоцитопениялық пурпура , геморрагиялық васкулит.	6		6
4	Менингококты инфекция. А,В,С,Д,Е вирустық гепатиттер	6		6
	Барлығы	90	18	72
	VIII семестр			
	Гастриттер, гастродуодениттер. Асқазан мен ұлтабардың ойықжара аурулары. өт шығару жолдарының дискинезиялары. Холециситтер.	7	3	4
	Жіті және созылмалы зәр шығару жүйесінің инфекциялық аурулары:цистит пен пиелонефриттер.Нефротикалық және нефритикалық синдром	7	3	4
	Қантты диабет Жәншәу Желшешек. Қызылша. Қызамық. Көкжөтел. Индетті паротит. Дифтерия.	7	3	4
	Иммунды алдын алу. Мектепке дейінгі мекемелерінде, мектепте және ФАП-та емдеу-профилактикалық жұмысты ұйымдастыру	7	3	4

	Гипертермиялық синдром, құрысып-тырысу синдромы. Анафилактикалық шок	6	2	4
	Тыныс алу тапшылығы. Улану кезіндегі шұғыл көмек. Тыныс алудың бұзылысы кезінде шұғыл көмек	6	2	4
	Барлығы	40	16	24
	Жалпы барлығы	130	34	96

3.3 Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

1 тарау Неонатология

1.1 тақырып Ай-күні толып туылған нәресте. Шала туылған бала. Күтім жасау.

Ай-күні толып туылған нәресте. Шала туылған нәресте және оған күтім жасау. Жаңа туылған нәрестенің анатомия – физиологиялық ерекшеліктері. Жаңа туылған нәресте туралы түсінік. Аппаратшаласы бойынша жаңа туылған нәресте жағдайын анықтау. Ай – күні толып туылған нәресте мен шала туылған нәрестенің сипаттамасы. Жаңа туылған баланың алғашқы тазалығы. Өтпелі (шекаралық) жағдайлары. Жаңа туылған нәрестеге және емшектегі балаға күнделікті күтім жасау. Жаңа туылған нәрестені тіркеу және оны босану бөлмесінен балалар бөлмесіне ауыстыру тәртібі. Жаңа туған нәрестеге туберкулезге, гепатитке және полиомиелитке қарсы вакцинация жасау. Вакцинацияның қарсы көрсетімдері. Бөлімшеге, жаңа туылған нәрестеге палаталарына гигиеналық қойылатын талаптар. Бөлімшенің, жаңа туылған нәресте палатасының температуралық режимі. Бөлімшедегі және жаңа туылған нәресте палатасындағы медицина қызметкерлерінің жеке басының гигиенасы және денсаулығы. Іштегі нәрестенің құрсак ішілік дамуы. Іштегі нәрестенің дамуына ана денсаулығының және жүктілік ағымының тигізетін әсері. Босануға дейін патронаж жасау. Жаңа туылған нәрестеге алғашқы патронаж жасау, оның мерзімдері мен міндеттері.

Практикалық сабақ. Жаңа туылған нәрестені алғаш тазалау, мұрын мен жұтқыншақтан сілемейлерді сорып алу, антропометриялық өлшеу, кіндік тұқылын және кіндік жарақатын тазалау, гигиеналық шомылғылар, құндақтау, жаңа туылған нәрестеге күнделікті күтім жасау, жуындру, жаңа туылған нәрестелердің құжаттамаларын толтыру, «Жаңа туылған нәрестеге күтім жасау» тақырыбында жас анамен әңгіме жүргізу.

1.2 тақырып.Ірінді сепсистік аурулар. Жаңа туылған нәрестенің ОНЖ зақымдануы.

Ірінді сепсистік аурулар. Клиникасы,диагностикасы. Емдеу және алдын алу шаралары. Құрсақішілік инфекциялар. Жаңа туылған нәрестенің ОНЖ зақымдануы, гемолитикалық ауруы, сарғаюы, геморрагиялық синдромдары, перинатальды энцефалопатиялары және туылу кезінде жарақат алуы, қарап тексеру, себептерін анықтау. Емдеу және алдын алу принциптері.


Практикалық сабақ .Білім алушылар бактериалық емес тері ауруларымен, гемолитикалық синдроммен, сарғайған анемиясы бар, перинатальды энцефалопатиясы және туылу кезінде жарақат алған науқас балаларды курация жасайды. Оксигенотерапия. Люмбальды пункцияны өткізуге аспаптарды дайындау, жылытқыны және мұзы бар қапшықтарды қолдану, мұрын – жұтқыншақтан сілемейді сорып алу, сүңгі арқылы, қасықпен тамақтандыру, тері мен кіндікті тазалау, биохимиялық талдауға қан алу, дене қызуын өлшеу, құрысу, құсу, дене қызуының көтерілуі кезінде көмек көрсету.

2 тарау Ерте жастағы баланың аурулары

2.1 тақырып Тамақтанудың созылмалы бұзылуы.

Дистрофиялар туралы түсінік. Дистрофияның түрлері. Ақуызды – энергетикалық тапшылық. Этиологиясы, клиникасы, емдеу, күтім жасау, алдын алу. Бала ағзасына жүктілік кезіндегі және босанудан кейінгі патологиялардың тигізетін әсері. Пренатальды және постнатальды дистрофиялар. Квашиоркор. Маразм. Паратрофия.

Практикалық сабақ. Ауруханада өткізіледі. Білім алушы науқастарға курация жасай отырып гипотрофия деңгейін анықтайды, тері мен сілемей қабатқа күтім жасайды, жылытқыны қолданады,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра педиатрия-2	044/68 -33	
«Балалар аурулары» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы	16 беттің 1беті	

құсу кезінде балаға көмектеседі, ішекті шаяды, копрологиялық және бактериологиялық зерттеуге нәжіс жинау.

2.2 тақырып Рахит (Мешел) конституция ауытқулары, алергоздар.

Рахит Кальций мен фосфор алмасу туралы қазіргі мәліметтер. Фосфор – кальций гемостазын тұрақтандыруда Д витаминінің, паратгормонның, тиреокальцитониннің рөлі. Рахиттің этиопатогенезі. Жіктімесі. Ауру ағымының деңгейіне, ауру кезеңдеріне және үрдіс ағымына байланысты клиникалық және биохимиялық көріністері. Рахитті диагностикалау критерийлері. Қазіргі рахит ағымының ерекшеліктері. Ай – күні жетіліп туылатын және шала туылған нәрестелердің антенатальды, постнатальды, спецификалық және бейспецикалық алдын алу. Рахитті емдеу. Д – гипervитаминозы. Клиникасы, диагностиканың зертханалық әдістері, емдеу. Рахиттиптес аурулар. Саралау диагностикасы.

Конституция ауытқулары, алергоздар. Конституция ауытқулары туралы түсінік. Эксудативті – катаральды, лимфалық – гипопластикалық, нерв – артриттік диатездер. Атопиялық дерматит. Этиологиясы, клиникасы, емдеу, күтім жасау және алдын алу. Балалардағы жіті алергиялық жағайларды шұғыл емдеу принциптері. Спazмофилия. Этиологиясы, рахитпен байланысты. Патогенезі. Клиникасы. Шұғыл жәрдем көрсету. Алдын алу.

Практикалық сабақ. Білім алушылар науқастардың шағымын, анамнезін жинайды, оларды қарап тексереді, алдын ала диагноз қояды. Д витаминінің мөлшерін анықтайды, массажды қолданады, гимнастика кешенін құрастырады, балалардың терісін өңдейді. Дисбактериозға нәжіс жинау, тамақтандыру күнделігін жүргізу мен танысу, жіті алергиялық жағдайларда жедел көмек көрсету, «Рахит» тақырыбына кроссворд құрастыру, «Балалардың алергиялық ауруларының алдын алу» тақырыбына реферат жазу.

3 тарау Анемиялар

3.1 тақырып Темір тапшылықты анемия. Шала туылған баланың анемиясы. Витамин – ақуыз тапшылықты анемиялар.

Жіктмесі. Анемияның клиника – гематологиялық сипаттамасы. Тапшылықты анемия. Организмдегі темір мен микроэлементтер алмасуы туралы қысқаша мәлімет. Ерте жастағы балалардағы тапшылық жағдайының негізгі себептері. Шала туылған балада ерте және кеш кездесетін анемияның клиника – гематологиялық ерекшеліктері. Балалардағы темір тапшылықты анемияны емдеу және алдын алу принциптері. Витамин – ақуыз тапшылықты анемия.


Практикалық сабақ. Оқытушымен бірге науқастарға курация жасау, жағдайына баға беру, жалпы қарау, пальпация, перкуссия, аускультация жүргізу. Өз бетінше курация жасау. Сырқатнаманы талқылау, бөлімшелерде жұмыс істеу. Науқастарды зертханалық, аспаптық зерттеуге дайындау. Анализдерді талдау.

4 тарау Тамақтанудың және аскорытудың жіті бұзылыстары

4.1 тақырып Диарейлар (ішөтпе)

Инфекциялық және инфекциялық емес диарейлар. Дегидратацияның негізгі белгілері. Балалардағы дегидратация ауырлығын бағалау (ДДҰ ұсыныстарына сәйкес). Нейротоксикалық синдром. Емдеу. БЖАЖИ бойынша жүргізілетін оральды регидротация, оның нәресте өлім – жітімділігін азайтудағы мәні. Эксикоздың патогенездік терапиядағы мәні. Көрсетімдері. Инфузиялық терапия, бастапқы ерітінді. Диарейлық аурулармен (БЖАЖИ бойынша) күрес жүргізудегі ДДҰ мен ЮНИСЕФ бағдарламалары. Балалардағы ақуыз – энергетикалық жеткіліксіздік. Емдеу кезінде тамақтандыру мен күтім жасаудың рөлі. Балалардағы 2-3 деңгейлі ақуыз – энергетикалық жеткіліксіздік кезіндегі емдәммен емдеу.

Практикалық сабақ. Білім алушылар науқастарға курация жасайды, организмнің сусыздану деңгейін анықтайды, тері мен сілемей қабатына күтім жасайды, жылытқыны қолданады, құсу кезінде балаға көмектеседі, ішекті шаяды, копрологиялық және бактериологиялық зерттеуге нәжіс алады, диареймен сырқаттанған науқасты емдеу сызбанұсқасын құрастырады, нақас баланың анасымен сұхбаттасу тәсілін қалыптастырады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Кафедра педиатрия-2	044/68 -33
«Балалар аурулары» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы	16 беттің 1беті

5 тарау Балалардағы жоғарғы тыныс алу жолдарының аурулары

5.1 тақырып Жіті ринит, жіті стенозды ларингит, бронхит, бронхиолиттер.

Жіті ринит, баспа, жіті стенозды ларингит, бронхит, бронхиолиттер. Қыспақ, обструкциялық синдром. Анықтамасы, этиологиясы, клиникасы, диагностикасы, емі, күтімі, профилактикасы. Шұғыл көмек көрсету шаралары. ДДҰ және ЮНИСЕФ бағдарламасы бойынша респираторлы патологиялармен күрес жүргізу (ИВБДВ).

5.2 тақырып Жіті пневмония

Бронхит пен бронхиолиттің этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, саралау диагностикасы, асқынуларны, емі, күтімі, профилактикасы, диспансерлік бақылау. Пневмониядан қайтыс болған балалардың өлім себептері. Рахитпен, эксудативті – катаралды диатезбен гипотрофиямен сырқаттанатын жаңа туылған және ерте жастағы балаларды жіті пневмония ағымының ерекшеліктері. Жөтел кезінде ауруханаға дейін көмек көрсетудің ДДҰ/ЮНИСЕФ бағдарламасы. Асқынулары. Деструктивті пневмония. Созылмалы пневмония. Клиникалық және рентгенологиялық көріністері. Профилактикасы. БЖАЖИ бойынша емдеу принциптері.

Практикалық сабақ. Балалар ауруханасында өткізіледі. Науқас баланың шағымын, анамнезін жинау, оны қарап тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация жасау, алғашқы диагнозын қою, науқас жағдайының ауырлығын бағалау, емдеу-сақтау және емдәм режимін ұйымдастыру, АҚ өлшеу, ТЖ, тамыр соғысын есептеу.

5.3 тақырып Бронх демікпесі

Балаларда таралуы. Негізгі емге сатылы түрде қадам жасау. Бронх демікпесінің ұстамасы кезінде шұғыл көмек көрсету. Бронх обструкциясы синдромымен сырқаттанатын науқасты жүргізу алгоритмі.

5.4 тақырып Муковисцидоз. Балалардағы өкпе туберкулезі

Муковисцидоз. Себептері мен қауіп – қатер факторлары. Патогенезі және бронхиальды жүйедегі патоморфологиялық өзгерістер. Жіктемесі. Клиникалық көріністері. Асқынулары. Саралау диагнозы. Зерттеудің рентгенологиялық және бронхиологиялық әдістері. БЖАЖИ бойынша терапиялық жолмен емдеу.

Балалардағы өкпе туберкулезі. Ерте және созылмалы туберкулездік интоксикация, алғашқы туберкулез комплексі, туберкулезді бронхоаденит, туберкулезді менингит. Қазіргі туберкулинді диагностика. Вакцинация және ревакцинация.

Практикалық сабақ. Білім алушы науқас баланың шағымын, анамнезін жинайды, оны қарап тексереді, алғашқы диагнозын қояды. Манту реакциясын өткізуді бақылайды, оның нәтижесін бақылайды. БЦЖ вакцинациясының техникасы. КБ қақырықтар алу, егу күнтізбесін құру. Бронх демікпесінің ұстамасы кезінде шұғыл көмек көрсету.

6 тарау Балалардағы жүрек аурулары

9.1 тақырып Ревматологиялық қызба

Клиникасы, диагностикасы, профилактикасы. Кардиоревматологияда қолданылатын қазіргі зерттеу әдістері. Күтім жасау ерекшеліктері.

6.2 тақырып Балалардағы миокардиттер

Себептері. Туа біткен кардиттер, клиникасы, болжамы, диспансеризация жүргізу принциптері.

Практикалық сабақ. Балалар ауруханасында өткізіледі. Науқас баланың шағымын, анамнезін жинау, оны қарап тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация жасау, алғашқы диагнозын қою, науқас жағдайының ауырлығын бағалау, емдеу – сақтау режимін ұйымдастыру, негізгі клиникалық симптомдарды анықтау, АҚ өлшеу, ТЖ, тамыр соғысын есептеу. Ревматизм үрдісінің фазаларын анықтау. Салицилат мөлшерін есептеу, бицилинді еріту және оны егу, жүрек гликозидтерінің қолдану мөлшерін күтімдерін анықтау, оларды қолдану әдістемелері. Емдәм режимімен танысу. БЦЖ жүргізуді бақылау. Жүрек тоқтап қалған кезде жүргізілетін шаралар. Өкпеге жасанды дем беру. Ревматолог кабинетінің жұмысымен танысу. Диспансерлік карталарды талқылау. Жіті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Кафедра педиатрия-2	044/68 -33
«Балалар аурулары» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы	16 беттің 1беті

және созылмалы жүрек – қантамыр жеткіліксіздігі, жүрек пен өкпе функцияларының тоқтауы кезінде дәрігерге дейін көмек көрсету.

7.3 тақырып Жүректің туа біткен ақаулары.

Себептері. Күтім жасау ерекшеліктері. Жүрек ақаулары бар науқастарға курация жасау (клиникасы, болжамы,емі).

Практикалық сабақ. Балалар ауруханасында өткізіледі. Науқас баланың шағымын, анамнезін жинау, оны қарап тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация жасау, алғашқы диагнозын қою, науқас жағдайының ауырлығын бағалау, емдеу – сақтау және емдәм режимін ұйымдастыру, АҚ өлшеу,ТЖ, тамыр соғысын есептеу.ЖТА түрлерін анықтау. Жүрек тоқтап қалған кезде жасалынатын шаралар. Өкпеге жасанды дем беру.

8 тарау Дәнекер тіннің диффузды аурулары

8.1 тақырып Жүйелі қызылжегі, ревматоидты артрит, дерматомиозит, жүйелі склеродермия

Басты синдромдарын анықтау. Күтім жасау. Емдеу.

9 тарау. Лейкоздар

9.1 тақырып Жіті және созылмалы лейкоздар

Жіті лейкоздар. Жіті лимфобласты және миелобласты лейкоздар. Созылмалы миелобласты лейкоз, клиникалық синдромдары, диагнозы, емдеу және күтім жасау. Қазақстан Республикасындағы балалар онкогематологиялық орталықтары.

Практикалық сабақ. Науқас баланың шағымын, анамнезін жинау, оны қарап тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация жасау, алғашқы диагнозын қою, науқас жағдайының ауырлығын бағалау, АҚ өлшеу, ТЖ, тамыр соғысын есептеу. Қан тобын, резус – факторды және қандардың сәйкестілік реакцияларын анықтау. Гематологиялық мәліметтерді, миелограммаларды бағалау.

10 тарау Қан түзу жүйесінің аурулары

10.1 тақырып Гемофилия, тромбоцитопениялық қанталау бөртпесі, геморрагиялық вакулит

Негізгі синдромдары. Қан кету кезінде алғашқы көмек көрсету принциптері. Ішектен қан кеткен кезде шұғыл көмек көрсету.

Практикалық сабақ. Науқас баланың шағымын, анамнезін жинау, оны қарап тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация жасау, алғашқы диагнозын қою, науқас жағдайының ауырлығын бағалау, АҚ өлшеу, ТЖ, тамыр соғысын есептеу. Мұрыннан, өкпеден және асқазаннан қан кеткен кезде көмек көрсету. Гематологиялық мәліметтерді, миелограммаларды бағалау. Қан трансфузиясын бақылау.

11 тарау Асқазан – ішек жолдарының және биллиарлы жүйенің аурулары


11.1 тақырып Гастриттер, гастродуодениттер. Асқазан мен ұлтабардың ойық жарасы. Өт шығару жолдарының дискинезиялары. Холециститтер. Гельминтоздар.

Себептері, клиникалық көріністері, емі. Алдын алу, емдәм, күтім жасау.

Практикалық сабақ. Асқазан ішек жолдарының ауруларымен сырқаттанатын науқастарды демонстрациялау. Науқастың шағымы мен анамнезін жинау. Негізгі клиникалық симптомдарды анықтау. Дәрігерлік тағайындауды талқылау. Емдәм режимін, жаңа дәрілік препараттарды тағайындау режимімен танысу. Ұлтабар сүңгілеуді бақылау, асқазан сөлін талдауға алу, ультрадыбысты зерттеуге, фиброгастродуоденоскопияны өткізуге зерттеудің тепловизиялық әдісін өткізуге қатысу, асқазанды шаю, құсу кезінде көмек көрсету. Науқасты сүңгілеуді жүргізу. Асқазанды және ішекті шаю, құрт жұмыртқаларын тексеруге, энтеробиозды тексеруге, копрологияға, энтеробиозға, бактериологиялық зерттеуге нәжіс алу. «Балалардағы құрт инвазиясын алдын алу» тақырыбына әңгімелесу.

12 тарау. Балалардағы бүйрек пен зәр шығару жолдарының аурулары

12.1 тақырып Жіті және созылмалы гломерулонефриттер

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра педиатрия-2		044/68 -33
«Балалар аурулары» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы		16 беттің 1беті

Клиникалық синдромдары: нефриттік және нефроздық. Асқынулары. Емдәм мен күтім жасау рөлі. Жіті және созылмалы гломерулонефритпен сырқаттанатын науқас балаларға диспансерлік бақылау жүргізу принциптері. Балалардағы нефроздық синдром. Клиникасы мен емінің ерекшеліктері. Салдарлық нефритпен саралау диагностикасын жүргізу. Диагностикалау әдістері. Күтім жасау, емдеу принциптері.

Практикалық сабақ. Балалар ауруханасында өткізіледі. Науқастарды демонстрациялау, сырқатнаманы клиникалық талқыға салу, балаларды қадағалау. Аурудың сипаттамаларын анықтау, науқас баланың шағымын, анамнезін жинау, оны қарап тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация жасау, алғашқы диагнозын қою, науқас жағдайының ауырлығын бағалау, АҚ өлшеу, ТЖ, тамыр соғысын есептеу, емдеу – сақтау және емдәм режимін ұйымдастыру, зәрдің жалпы анализі. Зимницкий, Амбурже, Нечипоренко әдістерімен тәуіліктік диурезді анықтау, ішілген және бөлінген сұйықтық көлемін анықтау. Қанды биохимиялық анализге алу.

12.2 тақырып Зәр шығару жүйесінің инфекциясы және пиелонефриттер.

Этиологиясы, патогенезі. Зәр шығару жүйесі дамуында даму ақаулары мен басқа да туа біткен ауытқулардың рөлі. Ерте жастағы балалардағы ағымының ерекшеліктері. Диагностикалау әдістері. Зәр шығару жүйесінің инфекцияларын емдеу және алдын алу принциптері.

Бүйрек функциясының жіті және созылмалы жеткіліксіздігі. Себептері, патогенезі. Аурудың өршу механизмі. Жіктемесі. Басты синдромдары. Олардың патогенезі. Қоздырғышты жолдармен емдеу принциптері. Гемодиализ, перитонеалды диализ. Балалардағы бүйрек трансплантациясы.

13 тарау. Балалардағы эндокринді жүйелердің аурулары.

13.1 тақырып Қантты диабет

Клиникалық синдромдары, диагнозы, емі, күтімі. Гипо және гипергликемиялық кома кезінде шұғыл көмек көрсету

Практикалық сабақ. Балалар ауруханасында өткізіледі. Зәр шығару жүйесінің инфекциямен, пиелонефритпен және қантты диабетпен сырқаттанатын науқастарды демонстрациялау, сырқатнаманы клиникалық талқыға салу, балаларды қадағалау, аурудың симптомдарын анықтау, науқас баланың шағымын, анамнезін жинау, оны қарап тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация жасау, алғашқы диагнозын қою, науқас жағдайының ауырлығын бағалау, АҚ өлшеу, ТЖ, тамыр соғысын есептеу, емдеу – сақтау және емдәм режимін ұйымдастыру, зәрдің жалпы анализі. Зимницкий, Амбурже, Нечипоренко әдістерімен тексеру тәуіліктік диурезді анықтау, ішілген және бөлінген сұйықтық көлемін анықтау, қанды қантқа тексеру. Инсулин мөлшерін анықтау. Биохимиялық анализге қан алу. Гипо және гипергликемиялық кома кезінде шұғыл көмек көрсету.

14 тарау Балалардағы жұқпалы аурулар


14.1 Жәншау. Желшешек

Қызылшамен, қызамықпен, желшешекпен саралау диагностикасын жүргізу. Асқынулары. Күтім жасау және асқынуларын алдын алу. Индетке қарсы жүргізілетін шаралар.

14.2 тақырып Қызылша, көк жөтел

Аяғы ауыр әйел қызамығының ұрыққа тигізетін әсері. Көк жөтелмен ауыратындарға апноэ кезіндегі жедел көмек.

Практикалық сабақ. Балалар жұқпалы аурулар ауруханасында өткізіледі. Науқастарды демонстрациялау, сырқатнаманы клиникалық талқыға салу, балаларды қадағалау, балаларды қадағалау, аурудың симптомдарын анықтау. Жағдайының ауырлығын бағалау, науқасты оқшаулау мәселелерін шешу. Шұғыл хабарламаны толтыру. АҚ өлшеу, ТЖ, тамыр соғысын есептеу, емдеу – сақтау және емдәм режимін ұйымдастыру, зәрдің жалпы анализі. Зимницкий, Амбурже, Нечипоренко әдістерімен тексеру тәуіліктік диурезді анықтау, ішілген және бөлінген сұйықтық көлемін анықтау, қанды қантқа тексеру. Дезинфекциялық ерітінділерді дайындау, антибиотиктерді арластыру және егу. Екпе күнтізбесін құру, ошақты индетке қарсы шараларды жүргізу, ауыз қуысына күтім жасау.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра педиатрия-2		044/68 -33
«Балалар аурулары» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы		16 беттің 1беті

14.3 тақырып Индетті паротит. Дифтерия.

Этиологиясы. эпидемиологиясы. Клиникасы. Диагностикасы. Күтімі. Асқынулары. Емдеу және алдын алу. Белсенді иммунизация. Индетке қарсы жүргізілетін шаралар.

14.4 тақырып Менингококкты инфекция. А,В,С,Д және Е вирустық гепатиттер

Менингококкты инфекция. Вирустық менингиттермен, басқа да іріңді менингиттермен және туберкулезді менингиттермен саралау диагностикасын жүргізу. Асқынулары. Күтім жасау. менингококкцемиа, диагнозы, емдеу тәсілі. А, В, С, Д және Е вирустық гепатиттер. Күтім жасау. Берілу жолдары. Индетке қарсы жүргізілетін шаралар.

Практикалық сабақ: Балалар жұқпалы аурулары ауруханасында өткізіледі. Науқастарды демонстрациялау, сырқатнаманы клиникалық талқыға салу, балаларды қадағалау, балаларды қадағалау, аурудың симптомдарын анықтау. Жағдайының ауырлығын бағалау, науқасты оқшаулау мәселелерін шешу. Шұғыл хабарламаны толтыру. Екпе күнтізбесін құру, ошақты індетке қарсы шараларды жүргізу, ауыз қуысына күтім жасау, жалпы анализін алу. Құрысу және гипертермия кезінде көмек көрсету. ВЛ – ге, микробты флораға аңқадан және мұрыннан сүрітінді алу, биохимиялық анализге қан алу. Безредке бойынша дифтерияға қарсы сары суды дайындау және оны егу. Қан кеткен кезде, гипертермияда, дифтериялық қыспақта, бүйрекбез функциясының жеткіліксіздігі кезінде көмек көрсету.

14.5 тақырып Иммунды алдын алу

Егу күнтізбесі. Вакциналарды сақтау ережелері. Егуден кейінгі реакциялар, жіктемесі, көрсетілетін көмек. Егуден кейінгі реакцияларды тіркеу шаралары.

15 тарау Педиатриядағы шұғыл жағдайлар

15.1 тақырып тыныс алудың және жүрек қызметінің тоқтауы, құрысу синдромы, гипертермиялық синдром, талып қалу, коллапс, анафилактикалық шок, құсу, іштің кебуі, мұрыннан қан кету.

Себептері, даму механизмі, негізгі клиникалық симптомдары, диагностикасы, дәрігерге дейін және шұғыл көмек көрсету принциптері.


Практикалық сабақ: Аурухана мен емхана жұмысымен, науқастарды қабылдау ережелерімен, санитарлық режимдермен, инфекцияны жұқтырудың алдын алу шараларымен танысу. Науқастарды демонстрациялау. Жағдаяттық есептерді шешу. Сарысуларды, екпені демонстрациялау, екпе кабинетіндегі, учәскедегі, бокстағы құжаттамаларды жүргізумен танысу. Білім алушы құжаттамаларды (Ф -122у, Ф- 064у, Ф- 063у) толтырады, дезинфекциялық ернітінділерді дайындайды, теріге, бұлшықетке инъекциялар жасайды, анафилактикалық шок, құсу, құрысу, гипертермия, қан кету, стеноздық ларинготрахеит, тыныс алу жеткіліксіздігі, ларингоспазм, коллапс, эксикоз – токсикоз, бүйрек пен бүйрекбез функциясының жіті жеткіліксіздігі, диабеттік және гипогликемиялық комалар кезінде шұғыл көмек көрсету.

15 тарау. Емдеу – профилактикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру

15.1 тақырып Мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінде, ФАП – та емдеу – профилактикалық жұмысты ұйымдастыру

Балалардың бейімделуі, медициналық бақылау, тамақтандыруды ұйымдастыру, иммунды алдын алу. Құжаттамалар. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, мектептерде және ФАП –та балалар денсаулығын қорғау бойынша медицина қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыру. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың бейімделуі. Мектепке дейінгі мекемелерде жүргізілетін дене тәрбиесі, денешынықтыру және медициналық бақылау. Мектепке дейінгі және мектептерде балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру. Иммунды алдын алу. Вакцинация көрсетімдері мен қарсы көрсетімдері. Вакцинациядан кейін туындайтын асқынулар, оларды емдеу және алдын алу. Вакцинаны сақтау, қолдану, тасымалдау ережелері. «Суық тізбек» туралы түсінік. Екпе кабинетіндегі құжаттамаларды жүргізу.

Практикалық сабақ: Мектепке дейінгі мекемелердегі және мектептердегі атқарылатын жұмыстармен танысу. Мектепте санитария – гигиеналық режимді ұйымдастыру, тамақтандыру, ас

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра педиатрия-2	044/68 -33	
«Балалар аурулары» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы	16 беттің 1беті	

үйге бақылау жүргізу, алдын алу екпе жұмыстарын жүргізу, құжаттамаларды жүргізу. Мектепке дейінгі мекемелерде және мектепте санитария – гигиеналық режимді жүргізу. Егу күнтізбесін құрастыру, балаларды иммунизациялау.

Практикалық сабақ: Оқытушымен бірге науқастарға курация жасау, жағдайына баға беру, жалпы қарау, ревматологиялық науқастарға тексеру жүргізу. Кезекшілік орнындағы медициналық құжаттамалармен танысу, оларды толтыруға қатысу. Өз бетінше курация жасау, сырқатнаманы талқылау. Ревматология бөлімшесінде белсенді түрде жұмыс істеу. Науқастарды зертханалық-аспаптық тексерулерге дайындау. Анализдердің мәліметтерін талдау.

2.1 Қорытынды сабақ

Компьютерлік тестілеу, практикалық іс-әрекеттермен жаттығу

4 Білім беру үдерісін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қойылатын талаптар

Білім беру технологиясын таңдау пәннің мазмұндық ерекшелігіне байланысты және білім алушылардың фельдшердің құзырлығына сәйкес терапиялық науқастарға күтім жасауда білімін, іскерлігін, дағдысын қалыптастыруға бағытталуы керек. МЖМБСна сәйкес базалық, кәсіптік және арнайы құзырлықты қалыптастыруға арналған модульдік оқудың құрылымы енгізілген. Практикалық сабақтарды өткізгенде топты 8 адамнан аспайтын топшаларға бөлу қарастырылған. Практикалық дағдыларын жетілдіру үшін пән бойынша диплом алдындағы практика қарастырылған.

Бағдарлама оқудың түрі, мазмұны және әдісі бойынша дәйекті өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқық береді. Оқыту барысында қазіргі заманға сай оқу-әдістемелік әдебиеттер, жаңа оқу және анықтама құралдары, электронды оқулықтарды, мультимедиялық оқу бағдарламаларын қолдануды ұсынады.

5. Оқытудың жоспарланған нәтижесін бақылау

Білімді бақылау түрлеріне бастапқы, ағымды, аралық және қорытынды бақылау енеді. Бақылау түрін таңдау құқығы қарастырылған. Қорытынды аттестация негізгі клиникалық пәндер бойынша екі кезеңде кешенді емтихан тапсыру арқылы жүргізіледі: теория және практика.


6. Оқу-әдістемелік жабдықталуы.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ: Негізгі (Н)

1. Балалар аурулары: оқулық / ред. басқ. А. А. Баранов; қаз. тіліне аударған жауапты ред. Б. Т. Түкбекова. - 2-бас., түзет. және толықт. - М. : ГЭОТАР - Медиа,
2. Исаева, Л. А. Балалар аурулары. Т. 1: оқулық / Л. А. Исаева, Н. А. Геппе, К. Асқамбай. - Алматы : Эверо, 2015. - 192 бет с.
3. Түсіпқалиев, Б. Балалар аурулары: оқулық. - Ақтөбе : ЖШС "А-Полиграфия", 2012. - 1144 бет. с.
4. Хабижанов, Б. Х. Педиатрия. 2 томдық. Т. 1: оқулық / Б. Х. Хабижанов, С. Х. Хамзин ; ҚР БҒМ; ҚР денсаулық сақтау м-лігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - 3-бас., қайта қаралған және толықт. ; ҚР БҒМ бекіткен. - Алматы : Б. ж., 2012. - 594 бет. с.

Қосымша (К)

1. Дадамбаев, Е. Т. Бала дәрігерінің серігі: анықтама / Е. Т. Дадамбаев. - Алматы : Б. ж., 2011. - 292 бет. с.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра педиатрия-2	044/68 -33
«Балалар аурулары» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы	16 беттің 1беті

2. Аюпова С. Х. Клиникалық педиатрия : педиатрия бойынша екі томдық нұсқау. Т. 2. - Алматы: БАУР, 2008.

3. Дадамбаев, Е. Т. Амбулаторлық- емханалық педиатрия [Электронный ресурс] : оқулық / Электрон. текстовые дан. (1.85Гб). - Алматы : Эпиграф, 2016.

4. Балалар аурулары пәнінен электронды оқу құралы [Электронный ресурс] : медициналық колледждерге арналған электронды оқу құралы / Ф. Н. Бимурзаев [ж. б.] ҚР денсаулық сақтау министрлігі; Техникалық және кәсіптік білім беру; Медициналық мамандықтарға арналған. - Электрон. текстовые дан. (13,2 Мб). - Түркістан : ОҚО, 2012. - эл. опт. диск (CD-ROM).

6.3 Оқыту құралдары:

1. Модулдер
2. Стандарттар
3. Таблицаалар
4. Видеолекция
5. Слайдтар
6. Электронды таразы
7. Горизонталды бой өлшегіш
8. Вертикалды бой өлшегіш
9. Жөргектеу үстелі
10. Бала күтіміне арналған жинақ
11. Вакциналар
12. Шұғыл көмек көрсетуге арналған жинақ
13. Қуыршақтар
14. Нәресте күтіміне арналған муляж
15. 1 жасар бала күтіміне арналған муляж
16. Шұғыл көмек көрсетуге арналған муляж
17. Дидактикалық және көрнекі құралдар.
18. Электронды және қағаз түріндегі тестілер
19. Электронды және қағаз түріндегі оқу-әдістемелік құралдар.